ХАТТАМА №2

24.11.2023

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы

Қатысушылар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері.

**Күн тәртібінде:**

1. «Мектепке жол» акциясы туралы есеп;

2. Отбасы сағатына қатысу;

3. Өмірлік қиын жағдайға тап болған, сәтсіздікке ұшыраған отбасы жағдайларын бақылау;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары;

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінде бойынша мектеп директоры Б. Сейдеш сөз алып оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы өзгерістерге тоқталды. Алдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі бала қауіпсіздігі мен көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарды күшейту жұмыстары айтылды. Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің мектеп өміріне және қоғамдық і-шараларға өте жақсы қатысып жүргендігін айта кетті. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне өз алғысын білдірді.

Мектептің әлеуметтік педагогы Абдукамал А «Мектеп жол» акциясы барысында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Биылғы жыл бойы республика бойынша «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясы жүргізілуде. Бірақ қараша айында «Мектепке жол» акциясы болмағандығын ескерте өтті.

Мектебімізде табысы төмен отбасынан шыққан мектеп оқушыларына қолдау көрсету және әлеуметтік себептерге байланысты мектепке бармай қалудың алдын алу мақсатында іс-шара ұйымдастырылуда. Мектеп мұғалімдері қайырымдылық акциясына белсене қатысып, демеушілерді тарту жұмыстары бойынша өз үлестерін қосуда. Алдағы уақытта да бұл игі іс-шара жалғасын табады деп отырмыз.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған, сәтсіздікке ұшыраған отбасы жағдайлары туралы ақпарат берді. (қосымша 1)

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ажикабулова А.У. мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары жоспарлы түрде жүріп жатқанын айтты. (қосымша 2)

Отбасы сағатына қатысу мәселесі бойынша да толық мәліметтер бере өтті. Биылғы оқу жылында «Ата-аналар калемиясы», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды. «Отбасы күні» аясында біраз іс-шаралар атқарылды. Ата-аналармен бірлескен сабақтар өтілді.

ШЕШІМ:

1. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға және әлеуметтік көмек алатын отбасының балалары басты назарда ұсталсын.
2. «Мектепке жол» акциясы жұмысы жалғастырылсын.
3. Мектеп қызметкерлерінің қызметін жоғары деңгейде бағалап, ата-аналармен өте тығыз байланыста екенін көрсетті. Келешекте одан жоғары деңгейде жұмыс жүргізілуі қадағалансын.

4. Қамқоршылық кеңестің мектептегі жүргізіліп жатқан қоғамдық іс-шараларға атсалысуы назарға алынсын.

Директор Б.Б.Сейдеш

Қамқоршылық кеңес торағасы М.К. Карабаев